

## Нұрбұлақ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша

### Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Нұрбұлақ ауылы

№ 3

27.12.2023ж.

**Өткізілу уақыты:** 11:00

**Өту орны:** Кітапхана

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры

#### Күн тәртібінде:

1. Мектеп директорының Қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында есеп беруі.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.
3. Оқушылардың демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру және құқық бұзушылықты алдын алу мәселелері.

#### Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегі мектеп директоры Ж.Бисенбинге берілді. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан желтоқсан айына дейінгі атқарылған жұмыстарға есеп берді.

- Қазіргі заманға сай шебер ұстаз болу заман талабы. Сондықтан мектептегі мұғалімнің кәсібін жетілдіру бағытында мектептегі іс-шаралардың маңызы зор.

Қазіргі таңда мектебімізде 34 мұғалім жұмыс жасап, балаларға білім беруде. Оның 29 -ы жоғары білімді мамандар. Жалпы биыл мектеп бойынша 100 оқушы білім мен тәрбие алып отыр. Мектепте 100 % білім алушылар үйірмелер мен секцияларға қатысады.

Қыркүйекте өткізілген «Мектепке жол акциясы» бойынша күн көрісі төмен отбасыларына демеушілердің есебінен, мектеп ұжымы атынан оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп көмек көрсетілді.

Биылғы оқу жылында 12 оқушыға қаржыла көмек берілді және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрайымы С.Теңізбай сөз алды. Ол өз сөзінде әлеуметтік қолдау қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мақсатында демеушілерді көбірек тарту шараларын ұйымдастыру керектігін айтып өтті. Ауылымыздағы жеке қожалықтарға, ауыл әкімшілігіне, ауылдағы дүкендерге алдағы келе жатқан жаңа жыл мерекесі қарсаңында оқушыларға сыйлықтар алып берулерін сұрап хаттар жолданғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша сөз кезегі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Амирова алды. Ол өз сөзін

- Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарлар бойынша жұмыстар атқарылуда екенін атап кетті. Олар әрт.рлі дөңгелек үстелдер, кездесулер, түнгі рейд және жиындар. Атқарылып отырған барлық шаралар уақытнда әлеуметтік желіге жарияланып отыр деді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселесіне тоқтала кетсем 1 үйірме және 4 спорттық секциялар жұмыс жасайды. Демалыс уақытында оқушылардың 85%ы қатысып отыр.

#### Шешімі:

1. Мектеп директоры Ж.Нұржановичтың есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту шараларын ұйымдастыру.
3. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын және құқық бұзушылықтың алдын алу тиімді ұйымдастыру

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



С.Теңізбай

А.Амирова



